

Конституции Республики Казахстан *в апреле 2010 была принята* Доктрина Национального единства Казахстана [2;1ст]. Первым основным принципом этой доктрины, на котором основывается национальное единство, является осознание общности судьбы каждого гражданина и его Родины - Республики Казахстан.

Литература

1. «История Казахстана» по ред. Койгельдиева М.К. стр-156-160
2. Доктрина национального единства Казахстана, Астана 2010 г.
3. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. «Казахстанский путь – 2050:Единая цель, единые интересы, единое будущее» 17 января 2014 г.
4. «История Казахстана» по ред. Жолдасбаева С.стр-49-52
5. Концепция развития Ассамблеи народа Казахстана (до 2020 года), Астана, 2013

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ПОЛИГОНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

**Акрапов Гадлет, Сулейман Демирель атындағы университет
Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент Өміржанов Е.Т.**

Қазақстан аумағы кеңестік кезеңде де қазір де әртүрлі сынақ полигондарынан ластануда. Бұл өз кезегінде жергілікті халықтың өмір сүруіне қолайлы ортаның біртіндеп жойылуына алып келе жатыр. Республика жерінде соғыс полигондары болған аумақтар 30 млн гектардан асады. Мұндағы соғыс техникасының қалдықтары, ракета сынықтары, бақылау объектілері ешбір көмусіз шашылып жатыр. Олар негізінен - Семей, Нарын(Капустин Яр), Азғыр, Тайсойған, Байқоңыр ғарыш айлағы, Сарышаған сынақ полигондары. Шығыс Қазақстанның 19 млн гектар жері 40 жыл бойы ядролық сынақтың полигоны болды. Осы жерлерде 1949-1989 жылдары аралығында атмосферада - 27, жер бетінде - 183, қалғандары жер астында ядролық сынақтар болды. Ядролық қарудан тек атом бомбаларын сынаумен шектелмей, полигондарда соғыс ракеталарын, т.б. техникалары да сынақтан өтіп отырды. Батыс Қазақстан аумағында 1966-1979жылдары 24 рет ядролық қару сыналған. Соның ішінде Азғыр полигоны ғана 6,1 мың гектар жерді алып жатыр. Мұндай сынақтар 1968-1970 жылдары Үстіртте де жасалған. Сол сияқты ірі полигондар қатарына Атырау облысының Тайсойған, Балқаш көлі маңындағы Сарышаған, Ташкент-4 сынақ алаңдары мен Байқоңыр ғарыш айлағы да жатады. Осы аймақтардарадиоактивті заттардың (кадмий, стронций, қорғасын) шекті мөлшері бірнеше есеге көбейіп кеткен.

Қазір екіжақты келісімдерге сәйкес, Ресей Қазақстандағы 11 млн. гектар жерді сынақ алаңы ретінде жалға алып отыр. Ресейлік тараптың айтуынша, «Роскосмос» қазір ғарышқа қатысты маңызды жобаларда америкалық ғалымдар «Протонның» орнына «Союзы» құп көреді екен. Бірақ ауыр жүктерді тозығы жеткен, пайдалану мерзімі аяқталған «Протонмен» ұшыруды әдетке айналдырған. Қолда бар деректерге сүйенсек, 2013 жылдың 2 шілдесінде болған апат – Қазақстан жеріне «Протонның» 32-ші рет құлауы. Әрі 11 млн. гектарға тең Қазақ жерін сынақ алаңына айналдырғаны үшін ресейліктер елімізге небары 27 млн. доллар төлейді. Табиғатты, қоршаған ортаны, бабадан балаға мирас болған қасиетті топырақты тоздырған полигондардан түскен пайдаға күн көретіндей не басына күн туды Қазақтың?! 11 млн. гектар жерді қалай, қайтіп пайдаланып жатқанын да білмейміз, тек болмашы тиын-тебенге мәзбіз. Өйткені «Байқоңыр» ғарыш айлағынан бір рет ғарышкер ұшырудың құнын Ресей 150 млн. долларға бағалаған, ал 2050 жылға дейін Қазақстанға төлейтін жалға алу ақысы 115 млн. доллар.

Полигондарды Ресейге жалға беруден Қазақстан жылына 27,5 млн доллар табыс табады. Ал, полигондар саны 7-еу. Оның ішінде «Сарышаған», «Ембі» полигондарында әдетте ауыр қару-жарақтар, зымырандар сынақтан өтеді. Бірақ, жалға беру құны 27,5 млн доллар екендігін орыстар

айтып жүр. Бұл дегеніңіз 4 млрд 125 млн теңге. Ал, Қаржы министрі Болат Жәмішев 24 млн 786 мың доллар дейді. Сөйтіп, әр гектарына 2 доллар 33 цент алатын көрінеміз. Бұл дегеніңіз әр гектарына 349 теңге 50 тиын. Бұл деректерді Болат Жәмішов былтыр айтқан. Егер әр гектарына 2 доллар деп бағалағанның өзінде біз Ресейге 12 млн 393 мың гектар жерді жалға беріп отырмыз.

Дүниедегі ең қорқынышты мәселе – ол белгісіздік және осыдан туындайтын түсінбеушілік. Бүгінгі күні, полигон аймағындағы халықтың сана- сезімінде кезінде ірі ғалым Бақия атшабаровтың зерттеген «Қайнар синдром» деген қауіпті құбылыс қалыптасқан. Бұл құбылысты дәрігерлер де растаған. Аталмыш науқасты қазақша айтқанда, адамдар өз организміңде сәл өзгеріс болған жағдайда, оны полигон әсерінен көріп, қорқынышқа бой алдырып, үрей билеп, қандай болмасын ауруға мойын ұсынуға бейім тұратын көрінеді. Мінеки, «аруын жасырған өледінің» кебі. Қысқаша айтсақ. Семей полигонына, оның әсері, қауіпті аймақтары және жалпы осы мәселеге қатысты ақпарат ашық болуы тиіс. Сонымен қатар, аймақтарда жылдар бойы шешілмей жатқан проблемалар шоғырланып қалған. Мәселен, халықтың тұрақты түрде ауруларға ұшырауы жоғары. Соның ішінде онкологиялық аурулар. Тұрғындардың өзі ауылшаруашылық өнімдерін ластанған жерде өсіреді. Мұның қайда апарып соғары айтпасада түсінікті емес пе?! Ал осы аймақта зардап шеккендерді емдейтін медициналық мекемелер тек облыс орталықтарында ғана бар көрінеді. Енді сол ауыл тұрғындарының қаражатының болмауынан тиісті тексеріс емін ала алмай жүргендері қаншама. Мінеки, қарап отырсақ, полигонның 1991 жылы жабылуы барлық мәселелерді шеше алған жоқ. Оған тиісті дәрежеде де көңіл бөлінді деп айтудың өзі қиын.

Былтыр «Протон» құлаған бетте бір топ қоғам белсендісі Алматыдағы РФ консулдығының ғимаратына барып, наразылық хатын тапсырғаны белгілі. Хатта ресейлік сынақ алаңдарының халыққа, өскелең ұрпаққа тигізетін зияны айтылып, жарымжан балалардың суреттері қоса тапсырылған. Бірақ Қазақстан азаматтарының бұл наразылығына Ресей дипломаттары ресми түрде жауап берген жоқ. Арада сәл уақыт өткенде бір топ белсенді араша тілеп, Алматыдағы БҰҰ ғимаратына барды. Ол жақтан да жеткен хабар болмады: ләм-мим үнсіздік. Есесіне, сол наразылық шарасына қатысқан азаматтардың бірқатары сотқа тартылып, 15 орташа жалақы көлемінде (83 мың теңге) айыппұл төледі. Наразылық шараларын топпен емес, жеке-дара өткізуге кіріскен «Антигептил» қозғалысының мүшелеріне бүгінде қарапайым азаматтар қосылған. Әзір Астана мен Алматы қалаларында ұйымдастырған мұндай шараға, яғни, жеке тұлғаның наразылығын білдіруіне ҚР Конституциясында тыйым салынбаған. Бір қызығы, Елордада наразы болған азаматтарына тәртіп сақшылары тыйым салуда. Атазаңдағы құқықтан хабары бар ҚР Бас прокурорының бірінші орынбасары Иоган Меркель жеке-дара наразылық шарасын ұйымдастырғандардың жазаға тартылмайтынын білсе де, гептилге қарсы шыққан азаматтардың не себепті прокуратура тарапынан қуғынға ұшырап жатқанын түсіндіріп бере алмады. Түсініксіз жайт, зымыранның қалдықтары төгілетін, әскери техника сыналатын ресейлік полигондар мен топыраққа сіңген гептил тек сол «Антигептил» қоғамдық қозғалысы мен олардың қолдаған азаматтарға ғана зиян келтіретін сияқты енжарлығымыз. Ауаға тараған гептил өзгенің денсаулығына зиян келтірмей ме? Егер қатерлі болмаса, Циалковский атындағы Ресей ғарыш академиясының сарапшысы Юрий Караш: «Протонның» құлауын жалғыз ауыз сөзбен суреттесек, өте қорқынышты. Жүздеген тонна гептилдің Қазақстан аумағына құлауын осы елге жасалған химиялық шабуыл ретінде қарастыруға болады. Улы бұлтты Байқоңыр шеңберінен шықпайды деп үміттенейік. Бірақ бұлтты шекара сызығымен шектеудің әсте мүмкін еместігі белгілі», – демес еді.

Қазіргі кезде мемлекет тарапынан халықтың денсаулығын жақсарту бойынша бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылуда. Қатерлі ісік дертін емдеу және диагноз қоюды жетілдіруге, денсаулық сақтау жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға шаралар қолданылмақшы. Ол үшін Семейде облыстық онкологиялық диспансерде радиологиялық орталық салу, Өскемендегі онкологиялық орталықтың жанынан сәулемен емдеу орталығын ашу көзделуде.

Радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жарылыстардың салдарынан болатын құбылыстардың аясын анықтау үшін аймақтағы экологиялық ахуалды бағалап, бұл өңірдегі қоршаған ортаның ахуалына қатысты кешенді қорытынды дайындау көзделуде. Бұрынғы полигонның шекарасына ревизия жүргізіп, оны жайластыру шараларын іске асыру, ядролық және

қару өндіру саласының қалдықтарын жою және консервациялауға кешенді шаралар қолдану көзделуде. Сонымен бірге полигон аумағының радиациялық ахуалына қатысты карта жасалады.

Қазіргі кезде әлі де полигондар жұмыс істеп тұрған өңірлерге байланысты қоғам белсендісі Мұхтар Болатханұлының деректеріне жүгінсек, аймақта алдын ала жасалған радиоэкологиялық зерттеулер нәтижесіне қарағанда БҚО-ның оңтүстік өңірі радионуклидтік және ауыр металлдармен уланғаны, оның ауа мен топыраққа, суға, сол арқылы жергілікті халыққа залалы анықталып отыр. Қаратөбе, Қазталов, Жанқала, Тайпақ, Бөкейорда аудандарындағы барлық су көздері радионуклидтік және ауыр металлдармен уланғаны кесірінен ішуге, пайдалануға жарамсыз. Никель, қорғасын, марганец, кобальт сияқты аса зиянды құрамдар рұқсатты мөлшерден жүздеген есе жоғары. «Батыс Қазақстан аймағындағы жануарлар әлемі де бұл полигондар зардабын шегуде. БҚО ғана емес, Атырау облысының Құрманғазы және Қызылқоға аудандары аймағы да ресейлік Азғыр полигонының зардабын 15 жыл бойы тартты. Азғыр полигонында ресми мәлімет бойынша 17 рет ядролық сынақ жүргізілген. Алғашқы сынақ 500 шамалы тұрғыны бар Азғыр ауылынан 1,5 шақырым жерде 160 метр тереңдікте жасалған. Сынақтан соң 20 күн бойына жер бетіне 200 мың Кюри радиактивті газ шыққан. Ал келесі сынақтан соң 9 күн бойына ауаға газ тарап, оның өлшемі 5,4 млн Кюриді құраған.

Маусымның 24-інде Парламент Мәжілісінде «Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны әсер ететін аймақта тұратын халықтың денсаулығын сақтау және оларды әлеуметтік қорғау туралы» Парламенттік тыңдау өтті. Осы шара барысында полигонның проблемаларына байланысты осы аймақтардағы тұрғындарды толғандырып жүрген өзекті мәселелер айтылды. Ең алдымен халықты әлеуметтік қорғау мәселесіне тоқталсақ. Жиын барысында келтірілген деректерге қарағанда, ядролық сынақтардың зардап шегуші ретінде 1 млн. 323 мың адам танылған. Алайда зардап шегуші адам құқығын растайтын куәліктерді тек 1млн.57 мың адам ғана алған болып отыр. Зұлмат жарылыстың мыңдаған куәгерлері әуре-сарсаңның көптігінен аталмыш куәлікке қол жеткізе алмай жүрген тәрізді. Бұл-бір. Екіншіден ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бойынша, мемлекетіміздің осы аймақтардағы азаматтарға берешек қарызы 12,8 млрд. Теңгені құраған. Көрсетілген бейнероликте егер осындай қарқынмен жүрсе, бұл қарызды мемлекет еш уақытта өтеп бола алмайды деген күмән да айтылды. Басқосуда баяндама жасағанды Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімі Н. Омарханов экологиялық төлемдер мен біржолғы өтемақыны төлейтін уақыт келгенін, оған мемлекетіміздің барлық мүмкіншіліктері бар екеніне тоқтады. Әкімнің көтерген екінші мәселесі-Семей ядролық сынақ полигонының аумағына байланысты қаншалықты жерге шектеу қойылғаны әлі күнге дейін белгісіз болуда. Шынымен де, Семей ядролық сынақ полигонының құқықтық статусы экологиялық апатты аймақ ретінде түсінікті. Бірақ нақты аумағы көрсетілмеген ғой. « Сондықтан Үкіметтен радиоактивті ластануға ұшыраған немесе тұрғын халқының өмірі мен денсаулығына қатер төнетін жер телімдерінің арнайы картасын жасап беруді, аса қауіпті аймақтарды қоршап, күзет немесе режимдік тәртіпті бақылайтын бекеттер ұйымдастыруды сұраймыз», деді ол. Яғни, шекара белгісіз әрі көрінбейді. Нақты дәлелді шаралар әлі қарастырылмаған. Парламенттік таңдауда көтерілген бір мәселе полигон аймағында проблемалардан туындайтын және қоршаған орта мен экологияға байланысты ақпараттың жабықтығына байланысты.

Бірінші байлықтың денсаулық екендігін өсиет етіп кеткен бабалардың аманатын осылай орындап жүрміз. Демек, шетелдіктерге жалға берілген әскери полигондардың мәселесін қайта қараудың уақыты жеткен тәрізді. Жүз мыңнан сәл ғана асатын сарбазы бар Қазақстан қарулы күштері үшін өз әскери полигондары аздық етпес еді. Кеңестен қалған полигондарды сақтап, біреуге жалға берудің қандай қажеттілігі бар?! Зиянынан басқа ештеңе көріп тұрған жоқпыз. Сондықтан шетелдіктерге жалға берілген полигондарды қайтарып алып, жабатын кез келді!

Әдебиеттер

1. Мұхтар Тайжан, 26-шы маусым 2013 жыл, www.i-news.kz
2. Амангелді Құрметұлы, 4-ші шілде 2013 жыл, www.zhebe.com
3. «Қазақстан полигондары», 9-шы ақпан 2013 жыл, www.kk.wikipedia.org